

**«Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы есеп»  
№ 1-қорық (жылдық) статистикалық есептілік нысанын толтыру жөніндегі нұсқаулар**

№ 1-қорық (жылдық) нысанын статистикалық органдарға Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 19 шілдедегі №746 қаулысымен бекітілген тізбеге сәйкес заңды тұлғалар және олардың қарамағындағы республикалық маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың ерекше бөлімшелері табыс етеді.

**Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар** - жер, су, орман және жер қойнауларын ерекше қорғаудың құқықтық тәртібімен немесе мемлекеттік табиғи қорық қорын сақтауды және қалпына келтіруді қамтамасыз ететін шаруашылық қызметтің тәртібімен реттелетін учаскелер. Бұған ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың мынадай түрлері жатады: мемлекеттік табиғи қорықтар, биосфералықты қоса; мемлекеттік ұлттық табиғи парктер; мемлекеттік табиғи резерваттар; мемлекеттік табиғи парктер; мемлекеттік табиғат ескерткіштері; мемлекеттік қорықтық аймақтар; мемлекеттік табиғи қаумал; мемлекеттік зоологиялық парктер; мемлекеттік ботаникалық бақтар; мемлекеттік дендрологиялық парктер.

**Мемлекеттік табиғи қорық қоры** - табиғи эталондар, уникалдар және генетикалық резерв реликтері ретінде ерекше экологиялық, ғылыми құндылығы бар, мемлекеттік қорғауға алынған қоршаған ортаны қорғау объектілерінің, ғылыми зерттеу тақырыбының, ағарту, білім беру, туризм және рекреацияның жиынтығы.

**1-бөлім. Қызметкерлер саны**

**01 - жолда** - қорық қызметкерлерінің орташа жылдық тізімдік саны көрсетіледі.

**02 - жолда** - келушілерге қызмет көрсетуді ұйымдастырумен айналысатын қызметкерлер саны көрсетіледі.

**2-бөлім. Негізгі көрсеткіштері**

**01 - жолда** - бекітілген шекараларға сәйкес аумақтың жалпы ауданы көрсетіледі. Шекара мен аудан өзгерген жағдайда есепке өзгеру себептерінің түсініктемесі, қаулының негізі, нөмірі және күні көрсетілісін.

**02 - жолда** - соның ішінде, орман басқан жердің ауданы, **03 - жолда** - су тоғандары (өзен, көл, теңіз акваториялары, су қоймаларының және су тоғандарының аудандары) алып жатқан жерлердің аудандары көрсетіледі.

**04 - жолда** - аса жоғары дамыған жануарлар сыныбына жататын сүтқоректілердің жалпы саны көрсетіледі. Олардан сирек кездесетіндер санаттарына жататындардың түрлерінің саны бөліп көрсетіледі және **05 - жолда** көрсетіледі. Сирек кездесетін түрлеріне Қызыл кітапқа енгізілген түрлері жатады.

**06 - жолда** - құс түрлерінің жалпы саны көрсетіледі. Одан **07 - жолда** сирек кездесетін түрлері көрсетіледі.

**08 - жолда** - бауырымен жорғалаушылар түрлерінің жалпы саны көрсетіледі, оларға кесіртке, тасбақа, жылан, крокодил және т.с. жатады. **08 - жолдан** сирек кездесетін түрлерінің саны бөлініп көрсетіледі және **09 жолда** көрсетіледі.

**10 - жолда** - қосмекенділер түрлерінің жалпы саны көрсетіледі (бақа, құрбақа және саламандра отрядына жататындардың басқа да түрлері). Одан **11 - жолда** сирек кездесетін түрлерінің саны көрсетіледі.

**12 - жолда** - балық түрлерінің жалпы саны көрсетіледі. Олардан **13 - жолда** сирек кездесетін түрлерінің саны көрсетіледі.

**14 - жолда** - өсімдіктер түрлерінің жалпы саны көрсетіледі. Олардан, **15 - жолда** сирек кездесетін түрлерінің саны көрсетіледі.

**16 - жолда** - ерекше қорғалатын табиғи аумаққа келушілер саны көрсетіледі

**17 - жолда** - өткізілген экскурсиялар саны көрсетіледі. **18 - жолда** - келушілерге көрсетілген қызметтен түскен табыс көрсетіледі. Бұл мынадай қызметтер: орналастыру, тасымалдау, тамақтандыру, нұсқаушылар мен экскурсия жетекшілерінің, гидтердің (гид-аудармашылардың) және т.с.қызметі. **19- жолда**- келушілерге қызмет көрсетуді ұйымдастырумен айналысатын қызметкерлерге еңбек ақы төлеуге жұмсалған шығыстар көрсетіледі.

\*\*\*

Осы Нұсқаулықтың енгізілуіне байланысты Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің 2004 жылғы 19 маусымдағы №11-г бұйрығымен бекітіліп, бұрыннан қолданылып келген 1-қорық Жылдық "Мемлекеттік табиғи қорықтардың, мемлекеттік ұлттық табиғи парктердің және мемлекеттік табиғи резерваттардың есебі" Мемлекеттік статистикалық есептілік нысандарын толтыру тәртібі туралы нұсқаулық қолданыстан шығарылады.